

Жер қойнауын пайдаланушылардың Келісім-шарттық аумақтардағы жұмыстар бойынша геологиялық ақпаратты беру Нұсқаулығын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі 2000 жылғы 28 қыркүйектегі N 393-Б Бұйрық. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 26 қазан N 1272 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2009 жылғы 21 шілдедегі N 205 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2009.07.21 N 205 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының 2005 жылғы 9 қыркүйектегі N 90-б бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 қарашасындағы N 1357 қаулысымен бекітілген "Мемлекеттік меншіктің есептелетін және оны ғылыми, коммерциялық, оқулық тағы да басқа мақсаттарға пайдаланудың тәртібі туралы геологиялық ақпараттар жөніндегі Ережесінің" талаптарын жүзеге асыру мақсатында,

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Жер қойнауын пайдаланушылардың Келісім-шарттық аумақтардағы жұмыстар бойынша геологиялық ақпаратты беру Нұсқаулығы бекітілсін.

Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының 2005 жылғы 9 қыркүйектегі N 90-б бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

2 . < * >

Ескерту: 2-тармақ алынып тасталды - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының 2005 жылғы 9 қыркүйектегі N 90-б бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

3. Геология және жер қойнауын пайдалану Комитеті қажетті құжаттарды дайындап, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне табыс етсін.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті

төрағасының 2005 жылғы 9 қыркүйектегі N 90-б бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

М и н и с т р д і ң м і н д е т і н

атқарушы

Иске, Геология және жер қойнауын қорғау Комитетіне, РГАО-ғына АБ-рына жіберілсін.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Т а б и ғ и

р е с у р с т а р

ж ә н е

қ о р ш а ғ а н

о р т а н ы

қ о р ғ а у

М и н и с т р і н і ң

2 0 0 0

ж ы л ғ ы

2 8

қ ы р к ү й е к т е г і

N

3 9 3 - Б

б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

**Жер қойнауын пайдаланушылардың
Келісім-шарттық аумақтардағы жұмыстар
бойынша геологиялық ақпаратты беру
Нұсқаулығы**

Ескерту: Нұсқаулықтың атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының 2005 жылғы 9 қыркүйектегі N 90-б бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

1. Жалпы ережелер

1. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 69-бабына сәйкес, жер қойнауын геологиялық зерттеу бойынша қаржы көздеріне тәуелсіз, жер қойнауы туралы геологиялық және басқа да ақпарат міндетті түрде, тағайындалған тәртіп бойынша, ақысыз геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік органға сақтауға, жүйелеуге және қорытым шығаруға жіберіледі

Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының 2005 жылғы 9 қыркүйектегі N 90-б бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

2

.

<

*

>

Ескерту: 2-тармақ алынып тасталды - ҚР Энергетика және минералдық

ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының 2005 жылғы 9 қыркүйектегі N 90-б бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

2. Жер қойнауын пайдаланушылардың геологиялық есеп беру кезеңділігі

3. Геологиялық есеп берудің келесі кезеңділігі белгіленеді:

1) Жарты жылдық есеп беру;

2) Жылдық есеп беру;

3) Контракті аумақтың бөліктері жер қойнауын пайдаланудан босатылған жағдайдағы есеп беру;

4) Контрактілік аумақта барлық геологиялық барлау жұмыстар аяқталған соң есеп беру.

4. Жарты жылдық геологиялық есеп беру, жер қойнауын пайдаланушының Контрактілік аумақтағы ағымдағы жылдың жарты жылдық зерттеулердің нәтижесін мазмұндайды, ол шілде айының 15-не дейін аумақтық басқармаға геология және жер қойнауын пайдалану (әрі қарай - аймақтық басқарма) жіберілуі тиіс. Аумақтық басқарма барлық жер қойнауын пайдаланушылардың есебі бойынша, басқарманың жарты жылдық қызметінің нәтижесін шығарып, жинақтық есеп құрастырады. Есепті қағаз және магниттік сақтаушыда геология және жер қойнауын пайдалану Комитетіне (бұдан әрі - Комитет) шілде айының 31-не дейін жібереді. Жарты жылдық есеп Комитетте қаралған соң "Қазгеоақпарат" Республикалық геологиялық ақпарат орталығына (әрі қарай - "Қазгеоақпарат" РГАО) сақтауға беріледі.

Ескерту: 4-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының 2005 жылғы 9 қыркүйектегі N 90-б бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

5. Жылдық геологиялық есеп беру жер қойнауын пайдаланушының Контрактілік аумақтағы өткен жылдың геологиялық зерттеудің нәтижесін мазмұндайды. Есеп қаңтар айының 10-на дейін есеп беретін жылдың соңғы жылының геология және жер қойнауын пайдалану Комитетіне жіберіледі. Аумақтық басқарма барлық жер қойнауын пайдаланушылардың есебі бойынша, геологиялық зерттеудің нәтижесі жөнінде басқарма бойынша жинақтық есеп құрастырады. Жинақтық есеп қаңтар айының 31-не дейін Комитетке жіберіледі. Аумақтық басқарма барлық жер қойнауын пайдаланушылардың есебі бойынша геологиялық зерттеудің нәтижесі жөнінде басқарма бойынша жинақтық есеп құрастырады. Жинақтық есеп қағаз және магниттік сақтаушыда қаңтар айының

31-не дейін Комитетке жіберіледі. Аумақтық басқарманың жылдық жинақтық есебі Комитетте қаралған соң "Қазгеоақпарат" РГАО-на сақтауға беріледі.

Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының 2005 жылғы 9 қыркүйектегі N 90-б бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

6. Құзыретті органмен жасалған Контрактіге сәйкес, жер қойнауын пайдаланушы аумағының бөлігінде геологиялық барлау жұмыстарын бітіргеннен соң, осы бөлікті жалпы пайдалануға босатады. Сонымен бірге, жер қойнауын пайдаланушы босатылған Контракті аумағында өткізген жұмыстар жөнінде аумақтық басқармаға бір айдың ішінде геологиялық есеп өткізуі керек. Есеп Аумақтық басқарудың Ғылыми техникалық кеңесінде қаралады (Аумақтық басқарудың Ғылыми техникалық кеңесінің хаттамасы (бұдан әрі - ФТК) есепке қоса тіркеледі) және ФТК-те қаралғаннан соң, бір апта ішінде Комитетке жіберіледі. Есеп геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік органның Ғылыми техникалық алқасында (бұдан әрі - ФТА) қаралады да "Қазгеоақпарат" РГАО-на сақтауға беріледі. Есеп сақтауға қағаз және магниттік сақтаушыда тапсырылады. Сол түрде есептің бір данасы аумақтық басқарманың мұрағатына сақтауға беріледі. Және аумақтық басқармаға босатылған Контрактілік аумақтың бөлігінен жұмыс барысында алынған бастапқы құжаттар тапсырылады. Жер қойнауын пайдаланушының аумақтық басқармаға тапсыратын бастапқы құжаттамаларының бірыңғай тізбесі қоса беріп
о т ы р .

Ескерту: 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының 2005 жылғы 9 қыркүйектегі N 90-б бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

7. Келісім-шартта көзделінген барлық жұмыстар аяқталғаннан соң, жер қойнауын пайдаланушы, Келісім-шарттың әрекеттік мерзімі бітпей тұрып, аймақтық басқармаға Келісім-шартты аумақта жүргізілген геологиялық зерттеулер туралы қағаз және магниттік тасымал түрлерінде кесімді есепнама ұсынады. Кесімді есепнама ФТК қаралып, Комитетке жіберіледі. Комитет есепнаманы ФТА қарайды да, ФТА хаттамасын қоса беріп, оны "Қазгеоақпарат" РГАО сақтауға жібереді. Есепнаманың бір данасы сақталуға аймақтық басқармаға жіберіледі. Осы Нұсқаулыққа қоса берілген Тұрпатты тізбеге сәйкес, аймақтық басқармаға сақталуға және де бастапқы материалдар да жіберіледі.

Ескерту: 7-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Энергетика және

минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының 2005 жылғы 9 қыркүйектегі N 90-б бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

3. Контрактілік аумақ бойынша геологиялық есеп берудің мазмұны

8. Жер қойнауын пайдаланушының жарты жылдық геологиялық есебін қысқаша ақпараттық жазулар, қажеттілігі бар кезде, жазулардың мәтінін дәлелдейтін, сызбалық қосымшалар (суреттер) құрастырады. Жарты жылдық есептің ақпараттық толтырылуы Контрактілік аумақтағы геологиялық зерттеудің с а т ы с ы н а б а й л а н ы с т ы :

1) аумақтық геологиялық зерттеуде келтірілетін мәліметтер:

Контрактілік аумақтың әкімшілік жағдайы;
Контрактілік аумақтағы есеп беру мерзімінде орындалған жұмыстардың түрі м е н к ө л е м і ;

кенбайлық белгілері орналасқан жердің географиялық координаты;
сызбанұсқаудағы және тереңдіктегі айқындалған кен байлық белгілерінің м ө л ш е р і ;

кенбайлық белгілерінің сипаттамасы (тау-кен аудандары);
айқындалған сыртқы ұңғымалық мұнайгаздық белгілердің табиғи резервуарлардың сипаттамасы (мұнайгазды аудандар) кенбай қорының болжау б а ғ а с ы ;

2) айқындалған перспективтік объект шегіндегі кен іздеу жұмыстары кезінде 1-тармақшадағы мәліметтерден басқа, мынадай мәліметтер келтіріледі:
айқындалған рудаланудың топография-минералогиялық бейнелеуі (тау-кен а у д а н д а р ы б о й ы н ш а) ;

руда денесінің шамашарттары (тау-кен аудандары);
перспективті құрылымының терең құрылысының ерекшеліктері (мұнайгазды а у д а н д а р) ;

көмірсутекті шоғырының шамашарттары (мұнайгазды аудандар);
кен іздеу немесе шамашарттық ұңғылардың ағынына сынама алудың нәтижесі бойынша мәліметтер (мұнайгазды аудандар);
кен байлық қорын бағалау, оның коммерциялық құндылығы туралы қ о р ы т ы н д ы ш ы ғ а р у ;

3) кен іздеу-бағалау жұмыстарында 2-тармақшада көрсетілген мәліметтер мен қатар мынадай деректер келтіріледі:

кен орны рудаларының негізгі түрлері мен сорттары;
оңтайлы байыту тәсімін көрсетуімен кенді қайта өңдеу жөніндегі

жоспарланатын технология бойынша деректер;
кен орнының қазу тиімділігі, оның өнеркәсіптік және болжау қорлары
ж ө н і н д е г і м ә л і м е т т е р ;

4) барлау кезеңіндегі объектілер бойынша 3-тармақшада көрсетілген
мәліметтермен бірге мынадай деректер келтіріледі:

руда денесінің көлемі, пішіні және шамашарттары;
кен қорын есептеу үшін қолданылған мардымдылықтардың негізгі
шамашарттары (руда денелері кесте түрінде);

кенбайлықтың қазу, су басу дәрежесінің гидрогеологиялық жағдайы;
негізгі сулы деңгей жиектер мен кешендердің гидрогеологиялық
шамашарттарын бағалау мәліметтері (жерасты суларын іздеу уақытында).

9. Жер қойнауын пайдаланушының жылдық геологиялық есебі, өткен
жылдағы геологиялық зерттеулердің нәтижесі жөніндегі ақпараттарды
құрастырады. Жарты жылдық ақпараттарға қарағанда олар нақтылау және
толықтау болуы қажет. Жылдық есеп ақпараттық жазулар, оларды дәлелдейтін
сызбалық қосымшалар түрінде беріледі. Жылдық есептің мәліметтік толықтыруы
Контрактілік аумақты зерттеу сатысына байланысты:

1) Контрактілік аумақ бойынша қатты кенбайлықтарды геологиялық
зерттеуде есепке келесі деректер енгізіледі:
э к і м ш і л і к ж а ғ д а й ;

Контрактілік аумақтың қысқаша геологиялық сипаттауы;
аймақтық зерттеулердің әдістемесі, орындалған жұмыстардың түрлері мен
мөлшері; жер қойнауын пайдаланушы арқылы айқындалған кенбелгілерінің және
минерализация нүктелерінің сипаттамасы: географиялық координаты, жоспар
мөлшері, геологиялық сипаттауы, айқындалған кенбелгілерінің сипаттамасы (
пайдалы құрамдастар және олардың мөлшері, келешекте зерттеу перспективасы);

айқындалған перспективтік құрылымдардың сипаттамасы: географиялық
байланыстыру, геодезиялық шамашарты, перспективтік деңгей жиектердің жату
тереңдігі, олардың стратиграфиялық байланысуы, қордың болжау бағасы (
мұнайгазды аудандар). Аймақтық зерттеулер бойынша жылдық есептің мәтініне
келесі сызбалық қосымшалар бірге ұсынылады:

Контрактілік аумақтың аймақ масштабындағы геологиялық карта;
перспективтік құрылымдар, учаскелер, белгілер, картада көрсетілген
геофизикалық және геохимиялық ауытқуы бойынша нақтылау масштабындағы
геологиялық карта - бұрандалар (тау-кен аудандары);

негізгі қадабелгі бетінің құрылымдық карталары (мұнайгазды аудандар);
айқындалған перспективалы құрылымдар бойынша тілімдер (мұнайгазды
а у д а н д а р) ;

характерлі қиылыстар бойынша уақытша және тереңдік тілімдер (мұнайгазды аудандар);

10. Перспективалы учаскелердегі, кенбелгілердегі және құрылымдардағы кен іздеу жұмыстарының нәтижесі бойынша геологиялық есепте 9-тармақтағы ақпараттарға қоса келесі мәліметтер келтіріледі:

1) перспективалы учаскенің, кенбелгінің және құрылымының географиялық-экономикалық жағдайы;

2) айқындалған кен объектінің геологиялық құрылысының сипаттамасы, заттың құрамы (тау-кен аудандары);

3) кен қыртысының, пайдалы құрамдастар мөлшерінің шамашарттары, P1 категориялы қордың бағалауы, олардың ТЭК-сі деңгейіндегі геологиялық-экономикалық сипаттамасы (тау-кен аудандары);

4) мұнай және газ жұмыстарында көрсетіледі: айқындалған және терең бұрғылауға дайындалған өнімдік құрылымдардың, мұнайгаздылық белгілердің және көмірсутекті белгілерінің атаулары, битуммен кирларды қоса алғанда;

негізгі шағылдығыштық деңгей жиектер бойынша құрылымдық карталар, коллектордың белгілері бойынша мәліметтер, іздестіру және шамашарттық төтелдердің ағыны бойынша бұрғылау және сынамалаудың нәтижелері, олардың көлемі, А+Б+С1 және С2 категория бойынша қордың бағалауы;

төтелмен анықталған литологостратиграфиялық тілік, төтелдің құрылысы, коллектордағы мұнай, газ, судың мөлшері, төтелдің қысқаша желілеуі, кедергілер және басқа, Контрактіде ескертілген, мәліметтер.

Контрактілік аумақтың іздестіру сатысындағы зерттеулер бойынша жылдық есепке тіркелінеді:

спектрлік талдаудың жанасқазба деректерімен бірге кенді аймақтың сынамалау жоспары (тау-кен аудандары);

төтелдің жынысөзегінің спектрлік талдау нәтижесін шығарумен бірге барлама бұрғылау мәліметтер бойынша геологиялық тілімдер (таукен аудандары);

барлама төтелдердің геологиялық ұстындары (тау-кен аудандар);

мұнайгазды аудандар бойынша тіркелінеді: негізгі шағылдығыштық деңгейжиектер бойынша жете құрылымдық карталар, характерлі бағыттар бойынша тереңдік және уақытша тіліктер, каротаж сызбаайшықтармен қоса бұрғыланған төтелдердің геологиялық тілімдері, олардың ағыны бойынша сынамалау нәтижесі.

11. Контрактілік аумақты зерттеудің іздестіру - бағалау сатысының нәтижесі 10-тармақтағы мәліметтерге қоса (тау-кен аудандары) жылдық есепте келесі ақпараттар келтіріледі:

1) айқындалған кен орнының негізгі түрлері мен сорттары;

- 2) кенді қайта өңдеудің қолайлы пайдалану технологиясы;
- 3) кен қазымының гидрогеологиялық және тау-технологиялық жағдайы;
- 4) кен орнының өнеркәсіптік және болжау қорлары, пайдалы құрамдастардың мөлшері;
- 5) кен орнының қазым тиімділігі.

Жылдық есептің мәтініне Нұсқаулықтың 10-тармағындағы мәліметтерден басқа, келесі сызбалық қосымшалар келтіріледі; жекеленген (типті) барлау сызықтары бойынша геологиялық - есептеу тілімдері;

P1 категорияны болжау, C1 және C2 категориялардың ең маңызды блоктар қорларының блокировкасы (тау-кен аудандары).

12. Барлау және кен орындары өнеркәсіптік игеруіне дайындау жұмыстары бойынша жылдық есепте келесі мәліметтер келтіріледі:

- 1) кеннің географиялық координаты;
- 2) барлау әдістемесі, жұмыстардың түрлері мен мөлшері;
- 3) кен орнының геологиялық сипаттамасы;
- 4) тау-кен аудандары бойынша: кен қыртысының мөлшері, пішіні, шамашарттары, кеннің минералогиялық құрамы, минералдық ассоциациялар, пайдалы құрамдастардың белгілеу пішіні туралы деректер; пайдалы құрамдастардың негізгі минералдар-сақтаушылары; қорды есептеу үшін кондициялардың шамашарттары, кенбайлық қорды есептеудің нәтижесі (руда денесі кесте түрінде); кеннің технологиялық қасиеттері және заттың құрамы, кен шикізатты қайта өңдеудің ұтымды технологиялық тәсімдері; кен орнын игерудің техника-экономикалық көрсеткіштері;

5) мұнай және газды барлауда: коллекторлардың сыналау аймағының, өнімдік деңгейжиектердің геологиялық құрылымы, жыныс-коллекторлардың шамашарттары; төтелді ағыны бойынша зерттеудің нәтижесі; өнімділіктің коэффициенті; су-газды, мұнайсулы түйіспелердің түрлері; жойылған және тоқтатылған төтелдер туралы мәліметтер.

Кен орнын барлау және өнеркәсіптік игеруге дайындау жұмыстары бойынша, 11-тармақта көрсетілген сызбалық қосымшалардан басқа, келтірілетін:

Руда кенінен: геологиялық бойлау жармалары; кен орнын біркелкі сипаттайтын геологиялық - есептеу тілімдері; 2-і-3-і деңгейдегі горизонт жоспарлары; негізгі кен сілемі қорлардың блокировкасы;

Мұнай және газ кені бойынша: әрбір өнімдік деңгейжиектердің жете құрылымдық карталары, литология - геологиялық тілімдер, төтелдерді сынау нәтижесі.

4. Контрактілік аумақтың геологиялық барлау жұмыстарынан босатылған бөлігі бойынша есеп беру

13. Геологиялық барлау жұмыстарынан босатылған Контрактілік аумақтың (жоспарлаған қайтарымы) бөлігі бойынша жер қойнауын пайдаланушының геологиялық есебінің мазмұны, барлау жұмыстарының түрлері бойынша геологиялық есепті құрастыру жөнінде Комитет нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес келуі қажет.

5. Контрактілік аумақтағы аяқталған барлық жұмыстар бойынша ақырғы геологиялық есеп

14. Ақырғы геологиялық есеп аумақты зерттеудің барлық, Контракте ескертілген, сатылардың нәтижесін көрсетуі тиіс.

15. Геологиялық есептің мазмұны, оның мөлшері, міндетті құрылымдық элементтері, олардың орналасу тәртібі, барлау жұмыстарының нәтижесі бойынша есепті құрастыру, оны безендіру жөніндегі Комитет нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес келуі қажет.

Жер қойнауын пайдаланушылардың
Келісім-шарттық аумақтардағы
жұмыстар бойынша геологиялық
ақпарат беру туралы
Нұсқаулыққа Қосымша

Ескерту: Қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы Нұсқаулықтың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының 2005 жылғы 9 қыркүйектегі N 90-б бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

Жер қойнауын қорғау және пайдалану Аумақтық басқармалар тарапынан сақтауға тапсыратын бастапқы құжаттамалардың БІРЫҢҒАЙ ТІЗБЕСІ

1. Далалық күнделіктер, журналдар, тізімдер пиккеттік байқау кітапшалары, өлшеулері, айқындауы (соның ішінде координаты, қатесі, түзетілгені) және сонымен әрі басқа да барлық жұмыс түрлері мен топогеодезиялық далалық жұмыстарды қамсыздандыру материалдары.

2. Тау жыныстары, ұңғы, су көздерінің пайда болуы және тағы да басқа

құжаттамалар

журналдары.

3. Сынамалау (су айдау, су құю, су зерттеу), тасбаған, үлгілер, тастілім
жинағының журналдары.

4. Жұмысшы әуе (ғарыш) фотоматериалдары, топонегіздері.

5. Ұңғылар, тау-кен қазбалары, кескіндер байланысы мен
топографиялықтордың пункттері геохимиялық, геофизикалық жұмыстарға және
басқа да мақсаттардың координат каталогтары.

6. Геофизикалық, геохимиялық және гидрогеохимиялық ауытқулардың
каталогтары.

7. Зерттеулер, сынақтар және тағы басқа талдау түрлерінің нәтижелері.

8. Спектограммалар.

9. Тастілім, таскесім сипаттамалары.

10. Фауналар, флорлар мен шаңдатқыш кешеннің сипаттамалары.

11. Ұңғылардың геологиялық зерттеулер және ұңғылардың басқа да
зерттеулері, каротаждың диаграммаларымен материалдары.

12. Геологиялық тыңғылықты (қабатсайынғы) қималар.

13. Ұңғылардың қиманың бағаналары.(қималары)

14. Нақтылы материалдар картасы.

15. Тас материалдар (тасбаған, фауналар, үлгілер) сынаманың екінші
даналары.

16. Геологиялық мазмұндағы авторлық (жұмыс) картаның даналары.

17. Әуеgeoфизикалық зерттеулердің далалық материалдары:

1) әуемагнитметрлері, спектрметрлердің әуемагнитметрлері, анологиялық
диаграмма таспалары мен журналдары;

2) магниттік вариациялардың таспалары мен магнит өрісінің өзгерістеу
графиктерінің журналы;

3) анологиялық таспалар және басқа материалдар аппаратуралық
бақылауға бағытталған операциялар;

4) дискеттердегі учаске түсірімдерінің көшірмелері оның ішінде
дифференциалдық арналар бойынша санау жылдамдығының түзетілген бастапқы
деректері бар, шкал (шәкіл) нөмірі және жиналу уақыты, магниттік индукция;

5) топогеодезиялық (радиогеологиялық байланыстар, әуежолдарының ұшу
схемасы, бастапқы және соңғы жолдарының координаталарының магниттік
таспалар паспорты, толық вектор модулі, топобелгілеу деректері бар).

18. Сейсmobарлау зерттеулерге соның ішінде тігінен сейсмокаратаждардың
далалық материалдары:

1) сейсмаграммалық тіркеу журналдары;

2) операторлардың рапорттары;

3) статикалық түзетулер, атқылау сызбасы;

4) профильдік уақытша және миграциялық қималар;
5) магниттік таспалар түрінде шыққан далалық мәліметтері немесе жинақы
жазбалы кассеталар.

19. Гравиметрикалық зерттеулердің далалық материалдары:

- 1) гравиметрикалық пункттердің тіректік және қарапайым каталогтары;
- 2) карталардың далалық варианттарының қатты негізі.